

Маңғыстау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 17/147 "Маңғыстау аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 11/126 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 3488 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес, Маңғыстау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Маңғыстау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі №17/147 " Маңғыстау аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2439 болып тіркелген , 2014 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Е.Қалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ.Манаш
А.Сарбалаев*